

## 2023 - 2029 жылдарға арналған Ақтау қаласының тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 11-07-880 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 "Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2023-2029 жылдарға арналған Ақтау қаласының тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ұ. Тналиев

Ақтау қаласы әкімдігінің  
"10" сәуір 2024ж №11-07-880  
қаулысымен бекітілген

## 2023-2029 жылдарға арналған Ақтау қаласының тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. 2023-2029 жылдарға арналған Ақтау қаласының тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылға дейінгі тұжырымдамасының" 5.2-тармағының негізінде әзірленді (бұдан әрі - Тұжырымдама).

2. Бағдарлама азаматтардың, қоғамдық кеңістіктің тіршілік ету ортасын жаңарту мен қолайлы тұрмыс жағдайларына, тұрғын үй аймақтарының дамуы мен оларды абаттандыруға бағытталған.

3. Бағдарламаның негізгі ережелері Тұжырымдаманың 5.2-тармағының 7-тармақшасымен реттеледі.

4. Жергілікті атқарушы орган тұрғын үй қорын реновациялау Бағдарламасын іске асыру үшін уәкілетті ұйымды айқындайды және қаржыландырады.

## 5. Бағдарламада келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) қалалық аумақты реновациялау - аумақты әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымымен, абаттандырумен, көгалдандырумен және рекреациялық аймақтармен қамтамасыз ете отырып, сапалы жайлы қалалық ортаны қалыптастыра отырып, қалалық кеңістіктер мен аумақтарды қайта құру;

2) ғимаратты (тұрғын үйді) реновациялау – моральдық және физикалық тозуын жою мақсатында, сақтауға жатпайтын немесе ғимаратты (тұрғын үйді) қалпына келтіруге ұтымсыз бұзу жолымен ауыстыру процесі. Ғимаратты реновациялау пайдалану қасиеттерінің сай келмеуі (техникалық тексеру жүргізу), пайдаланудың нормативтік мерзімдері анықталған соң және тұрғындардың реновациялауға келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Тұрғын үйді реновациялау процесі – бұл өз мерзімін өтеген ғимараттарды жаңа, заманауи талаптарды ескере отырып салынған ғимараттармен ауыстыру процесі;

3) ғимаратты тексеру жөніндегі техникалық қорытынды - Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының құрылыш ережелерінде ҚР ҚЕ 1.04-101-2012 "Ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін тексеру және бағалау" көзделген нысан бойынша жасалған ғимараттың тіреу және қоршау конструкциялары мен инженерлік жүйелерінің жай-күйі туралы немесе жоғарыда көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін тиісті рұқсаты бар занды тұлғалардың сараптамалық қорытындысы;

техникалық жағдайды бағалау - сандық бағаланатын белгілердің нақты мәндерін жобада немесе нормативтік құжатта белгіленген сол белгілердің мәндерімен салыстыру негізінде құрылыш конструкцияларының, ғимараттар мен құрылыштардың тұластай зақымдану дәрежесін және техникалық жай-күйінің санатын және олардың энергия тиімділігін белгілеу;

қызмет ету мерзімі - құрылыш объектісін одан әрі пайдалануға жол берілмейтін немесе орынсыз қүйге дейін қалыпты пайдалану ұзақтығы;

4) ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру – нәтижесінде ғимараттар мен құрылыштардың және олардың элементтерінің нақты жағдайы, сенімділігі мен орнықтылығы, ғимараттар мен құрылыштарды одан әрі пайдалану мүмкіндігі айқындалатын сараптамалық (іздестіру) жұмыстардың түрі, уақыт өте келе болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, құрылымдар сапасының нақты көрсеткіштерінің сандық бағасын алу объектідегі күрделі жөндеу, модернизация немесе реконструкциялау жұмыстарының құрамы мен көлемі, сондай-ақ функционалдық мақсатын өзгерту;

5) бұзу – бірқатар себептерге немесе объектінің физикалық және моральдық тозуына байланысты ғимаратты немесе құрылышты толық немесе ішінара жою (бөлшектеу);

6) ғимараттың, тұрғын үйдің (объектінің) тозған жағдайы – конструкциясы, негізі (тұтастай алғанда ғимарат) берілген пайдалану, техникалық нормалар мен талаптарды қанағаттандырмайтын, құлау қаупінсіз және тиісінше тұрғындардың өміріне қауіп төндірмейтін жағдай, ал мұндай объектінің техникалық жай-күйін бағалау 60-80 % шегінде физикалық тозуға сәйкес келеді;

7) ғимараттың, тұрғын үйдің (объектінің) физикалық тозуы – табиғи, климаттық және өзге де факторлардың әсерінен бастапқы техникалық-пайдалану қасиеттерінің (беріктігінің, орнықтылығының, сенімділігінің және басқаларының) жоғалу дәрежесі;

8) апартты ғимарат, тұрғын үй (объект) – негізгі көтергіш құрылмалары (іргетастар, бағаналар, көтергіш қабырғалар, арқалықтар, жабындар) көтергіш қабілетін жоғалтқан және одан әрі пайдалану онда тұратын (болатын) адамдардың өміріне қауіп төндіретін, ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық қадағалауды және техникалық тексеруді жүзеге асыруға аккредиттелген компанияның (занды тұлғаның) қорытындысымен қалпына келтіруге жатпайды деп танылған ғимарат (объект);

9) реновациялау объектісі – жөндеуге жататын аумақта бар, жеке тұрған тұрғын/тұрғын емес ғимарат, үй немесе құрылыш, сондай-ақ көлік және инженерлік коммуникациялар;

10) әкімші – тиісті мемлекеттік функциялары бар мемлекеттік мекеме;

11) уәкілетті ұйым – реновациялау функцияларын орындайтын, сондай-ақ реновациялау процесіне қатысатын субъектілерге жәрдемдесуді жүзеге асыратын ұйым (мекеме);

12) уәкілетті орган – сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде құрылыш саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жобаларды қалыптастыру және қаржыландыру уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

13) тұрғын үй қоныс аудару қоры – уәкілетті ұйымға және/немесе инвесторға (құрылыш салушыға) тиесілі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес реновациялауға жататын тұрғын үй иелерін қоныстандыруға арналған барлық тұрғын үй-жайлардың жиынтығы;

14) жобалау алдындағы зерттеу – құрылыш салуды ұйымдастыру, оның сипаты, қайта құру участкесін аймақтарға бөлу және функционалдық толтыру, көлік-жаяу жүргіншілер байланыстары, қоғамдық кеңістіктер және өзге де аспектілер бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, реновациялау участкесі туралы деректерді жинау, талдау және бағалау жөніндегі іс-шаралар кешені;

15) реновациялау аумағы – Ақтау қаласының қала құрылышы жобаларына сәйкес, оның шегіндегі барлық ғимараттары бар тұрғын үй құрылышы аумағы;

16) реновациялау жобасы – реновациялау аумағында жүргізілетін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындалатын жобалау-іздестіру жұмыстары.

17) "Жасыл" ғимарат – Бағдарламаны іске асыру мақсатында жасыл ғимарат деп кез келген деңгейдегі "ӨМІР" сертификаты бар ғимарат деп түсініледі.

18) "Жасыл" технологиялар – Жобаның адам денсаулығына, қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға және ұзак мерзімді перспективада жобаның экономикалық қайтарымын арттыруға бағытталған жобаны жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын әдістердің, процестердің, материалдардың, бұйымдардың жиынтығы.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау

6. Бағдарлама тұрғын үй қорын реновациялау жөніндегі ішкі тәжірибелі де, осы бағыттағы түрлі елдердің тәжірибесін де ескереді, осыған байланысты бұл Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу әдісінің негізінде тұрғын үй қорын және оған іргелес аумақты реновациялауды бағалаудың (талдаудың) және жоспарлаудың кешенді тәсілінің қағидаттары, нақты участкерді реновациялау жобаларын қоғамдық талқылау, сондай-ақ тұрғындардан қоныс аударуға келісім алу негізге салынған.

7. Облыс орталығындағы құрылымдық секторы экономиканың ірі секторларының бірі болып табылады.

Құрылымдық секторының нақты көлемінің индексі жыл сайынғы өсіуді көрсетеді. 2017-2021 жылдардың қорытындысы бойынша пайдалануға берілетін тұрғын үйдің шаршы метрін жоспарлы тұрде арттыру көрсетілуде.

Облыс орталығындағы құрылымдық секторында 2023 жылдың 1 қаңтарына әртүрлі меншік нысанындағы 50-ге жуық тәуелсіз жеке ұйымдар жұмыс істейді.

Тұрғын үй құрылымы көлемінің орташа жылдық өсімі шамамен 6% болатын он үрдісті көрсетеді. Жеке инвестициялар есебінен 2021 жылы – 614,1 мың шаршы метр, 2022 жылы – 660,7 мың шаршы метр, 2023 жылы – 478,1 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін анықтайтын факторлар жылжымайтын мүлік бағасы және тиісті сатып алу қабілеті болып табылады.

Бастапқы нарықтағы тұрғын үй бағасы 2016 жылдан бастап 2023 жылдың төртінші тоқсанына қарай 170 мың теңгеден 280-320 мың теңгеге дейін есті.

Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді қолдаудың мемлекеттік шаралары және ұздіксіз кенттендіру жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар санының өсуіне ықпал етеді. Мәселен, 2023 жылғы 1 қазанда кезекте тұрғандар саны 12 мыңнан асты.

Жаңа тұрғын үйді пайдалануға берумен қатар, тұрғын үй қорының тозу процесі жүріп жатыр. Қолданыстағы КПТУ-дің 50%-дан астамы (2017 жылдан бастап салынған жаңа КПТУ есептемегендеге) 1970 жылдан асқан, яғни 50 жылдан астам пайдалануда.

Бұл ретте, 2017 жылдан бастап жыл сайын жеке құрылым салушылардың қаражаты есебінен салынып жатқан әр түрлі аланды және қабатты (5-тен 12-қабатқа дейін) көп пәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға беріліп жатыр.

Мысалы, 2021 жылы 10 КПТУ, 2022 жылы 15 КПТУ, 2023 жылы 30 КПТУ пайдалануға берілді.

Ағымдағы жағдайға сүйене отырып, реновациялау бағдарламасын жүзеге асырудың күшті жақтарын атап өту қажет:

- тозығы жеткен тұрғын үйдің тиімді орналасуы;
- қажетті инфрақұрылымның болуы;
- қолжетімді тұрғын үйді қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатын пайдалану және жеке инвестицияларды тарту мүмкіндігі;
- тұрғын үй құрылышы мен мемлекеттік қаржыландыру көлемінің тұрақты өсуі.

### **3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

8. Бағдарламаның негізгі мақсаты ескі тұрғын үй иелерін жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету, тұрғын үй қорын жаңарту мен жақсарту және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық базасының талаптарына сәйкес келтіру, инфрақұрылымды жаңарту және әлеуметтік шиеленісті жою, сондай-ақ Ақтау қаласы тұрғындарына қолайлы, қауіпсіз, экологиялық және жайлы өмір сұру ортасын құру жолымен экономикалық, әлеуметтік және өзге де қоғамдық мүдделерді ескере отырып, қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру және аумақты абаттандыру болып табылады.

Халықтың өмір сұру сапасын арттырудың шешуші факторы қауіпсіз және жайлы өмір сұру ортасын құру болып табылады.

Толыққанды тіршілік ету ортасы және халыққа әлеуметтік стандарттарға сәйкес қызметтер кешенін ұсыну үшін тұрғын үй қорын ұлғайту және қажетті тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту талап етіледі.

#### **9. Бағдарламаның міндеттері:**

1) реновациялау аумағындағы ескі тұрғын үйлерді жою, сондай-ақ түбегейлі жаңа сападағы қалалық ортаны қалыптастыруды ескере отырып, Ақтау қаласында апатты тұрғын үй қорының жаппай пайда болуына жол бермеу;

2) қала шағынаудандарын құрылымдау;

3) азаматтарды абаттандырылған тұрғын үймен қамтамасыз ету, Ақтау қаласы халқының өмір сұру деңгейін арттыру;

4) Ақтау қаласының жетілдірілген сәулеттік келбетін қалыптастыру;

5) бюджеттен тыс қаражатты құрылышқа тарту жөніндегі тетіктерді дамыту, мемлекеттік инвестицияларды бірінші кезектегі маңызы бар әлеуметтік мұқтаждарға сактау және жіберу;

6) тұрғын үй құрылышы және аумақтық даму саласында қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру;

7) реновациялауды талап ететін қала аумақтарындағы жер учаскелерін кешенді реконструкциялау және салу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

8) азаматтарды қоныстандыруға байланысты әлеуметтік мәселелерді, оның ішінде жаңартуға жататын ғимараттардың (үйлердің) тұрғындарын уақытша қоныстандыруды шешу;

9) энергиялық тиімді көп пәтерлі тұрғын үйлер салу, оларды пайдалануға арналған шығындарды азайту, сол арқылы мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайту;

10) инвесторларды, олардың реновация аумақтарын кешенді салу жөніндегі қызметін үйлестіру;

11) "жасыл" құрылыш тұжырымдамасын енгізу.

#### **4. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

10. Бағдарлама Ақтау қаласында келесі үш бағыт бойынша ескі тұрғын үйлерді реновациялау бойынша жобаларды іске асыруды көздейді:

Бірінші бағыт – жергілікті атқарушы органдың (бұдан әрі - ЖАО) қоныс аудару қорын құруы.

ЖАО тозығы жеткен үйлердің тұрғындарына уақытша тұруға берілетін пәтерлер санын көбейту арқылы қажетті қоныс аудару қорын құратын болады.

Бұл ретте, уәкілетті үйым тұрғын үй (не мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй) құрылышына тапсырыс берушімен (инвестормен) бірлесіп, Тұжырымдама шенберінде апatty немесе тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзуды және реновация аумағында тұрғын үйлер салуды меншікті және/немесе тартылатын қаражат (мемлекеттік инвестициялар) есебінен жүзеге асырады.

Бұл бағыт Тұжырымдамада көзделген шарттарда бірыңғай операторды тартуды, атап айтқанда, ЖАО-ға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын және тартылған нарықтық қаражатты араластыру есебінен жылдық 4,25% бірыңғай мөлшерлеме бойынша облигациялық қарыздар беру арқылы әлеуметтік кредиттік тұрғын үй салу (сатып алу) және тұрғын үй қорын қайта жаңарту жобаларын қаржыландыруды көздеуі мүмкін.

Екінші бағыт - уәкілетті үйымның инвесторлармен бірлесіп, қоныс аудару қорының болуына қарамастан, меншікті және/немесе тартылатын қаражат есебінен аумақты не тұрғын үйді (ғимаратты) реновациялау жобаларын іске асыруы. Бұл ретте қала құрылышы құжаттамасын сәйкестендіруді уәкілетті үйым ғана емес, инвестор да жүзеге асырады (келісім бойынша). Сондай-ақ, жөндеу учаскесінде құрылыш шекараларына дейін сыртқы инженерлік желілерді іске асыруды ЖАО ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы заңнама шенберінде инвестор жұмсаған қаражаттың өтелуін ескере отырып, инвестор да жүзеге асырады.

Үшінші бағыт - инвесторлардың меншікті және/немесе тартылатын қаражат есебінен уәкілетті ұйымның қатысуының бағдарлама шенберінде аумақты не түрғын үйді немесе ғимаратты реновациялау жобаларын іске асыруы. Бұл ретте, жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар қолданыстағы заңнама шенберінде уәкілетті ұйымның қатысуының жүзеге асырылады, яғни инвестор өз бетінше ерікті негізде және шарт талаптары бойынша реновациялауды жүргізеді.

11. Ақтау қаласының тозығы жеткен ғимараттарының тізбесі Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген және реновациялау үшін ұсынылатын ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен тұрақтылығына талдау және техникалық тексеру жүргізілгенен кейін жыл сайынғы түзетуге жатады.

12. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері болып табылады және реновациялау үшін қажетті іс-шаралар өткізілгенен кейін жыл сайын түзетілетін болады.

13. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің болжамды көрсеткіштері:

- 1) 15 есік үйді немесе 192 пәтерді бұзу;
- 2) реновациялауға жататын аумақтарда шамамен 9 түрғын үй немесе 590 пәтер салу;

3) Ақтау қаласының сәулеттік келбетін жақсарту;

4) инженерлік және коммуникациялық желілерді модернизациялау және дамыту;

5) қаланы абаттандыру және көгалданыру жолымен қала аудандарының экологиялық деңгейін арттыру (КПТУ жобалар кешендерінде жаңартылуға жататын аумақтарда саябақтар, аллеялар, қоғамдық кеңістіктер салу);

6) аумақты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен реновациялауды (мектепке дейінгі білім беру мекемелерін, жалпы білім беру мекемелерін салу) қамтамасыз ету, адамның (қала, қаланың жекелеген ауданы халқының) тыныс-тіршілігі үшін қауіпсіз, сапалы және жайлы орта құру;

7) жұмыс орындарының санын ұлғайту;

8) шағын және орта бизнесті дамыту.

## 5. Бағдарламаны іске асыру механизмі және критерийлері

14. Бағдарламаны орындау жөніндегі уәкілетті ұйым, Ақтау қаласы әкімдігінің атынан "Ақтау қалалық түрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, БСН 131240025912 (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) болып табылады.

15. Бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - әкімші) "Ақтау қалалық түрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, БСН 131240025912

16. Әкімші Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде реновациялау жобаларын іске асыру кезінде қажетті көмек көрсетеді.

17. Уәкілетті үйым Бағдарлама шенберінде жобаларды іске асыру үшін уәкілетті үйым ұсынған және ішкі нормативтік құжат негізінде ЖАО бекіткен заңды тұлғаға (оның ішінде мемлекетке тиесілі жарғылық капиталға қатысадын жүз пайыз үлесімен) функцияны/міндеттемелерді тарту және/немесе беру туралы мәселені қарауға бастамашылық жасауға құқылы.

18. Реновациялауға жататын объектілердің тізбесі мен кезектілігі тұрғын үй қорының құрылыш конструкцияларының тозуы, олардың пайдалану талаптарына сәйкестігі (қызмет ету мерзімі) ескеріле отырып, аккредиттелген сараптама үйыминың қорытындысы негізінде, сондай-ақ реновациялауға жататын тұрғын үйдегі (үйлердегі) үй-жайлар, ғимараттар, пәтерлер меншік иелерінің пікірлері ескеріле отырып айқындалады.

19. Есқі (апаттық) тұрғын үй иелерінің жиналысы пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамы болған кезде шешім қабылдауға құқылы. Шешім пәтер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамы келісken кезде қабылданады.

Егер бұрын келу тәртібімен жарияланған жиналыс кворумның болмауына байланысты өткізілмесе, жиналыс жазбаша саулнама арқылы өткізіледі. Жазбаша саулнама жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді үйдегі кеңес қабылдайды.

Үй кеңесі жиналысты үйимдастыру үшін жазбаша саулнама жүргізу арқылы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері қатарынан бастамашыл топты айқындауға құқылы.

20. Жиналыста теріс шешім қабылданған жағдайда көп пәтерлі тұрғын үйді реновациялау жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты жұмыстар жүргізілмейді.

21. Әлеуетті реновациялау объектілерінің және/немесе оларға іргелес үйлердің меншік иелері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы заңнамасында, сондай-ақ Бағдарламада белгіленген тәртіп сақталған жағдайда, өз үйлерін реновациялау бағдарламасына (жобасына) енгізу туралы өтінішпен уәкілетті үйимға дербес жүгіне алады.

22. Объектіні, ғимаратты/үй-жайды, тұрғын үйді реновациялау бағдарламасына (жобасына) енгізу туралы шешім қабылданғанға дейін қала әкімдігінің тиісті мекемелері уәкілетті үйиммен бірлесіп, әрбір тұрғын үй, сондай-ақ жөндеуге жататын аумақта орналасқан ғимарат, құрылыш (объект) бойынша ақпарат пен мәліметтер дайындауды, соның ішінде:

- көп пәтерлі тұрғын үйдің техникалық сипаттамалары, үйдің және жер участесінің жалпы ауданы, тұрғын үй иелерінің саны;
- іргелес жер участеклері бар жер кадастрының деректері;
- тұрғын үйдің қолданыстағы инфрақұрылымы және инфрақұрылымның қуатын, инженерлік коммуникацияларды (сүмен қамту, газбен жабдықтау, электрмен

жабдықтау, көріз және т. б.) ең жақын қосу орындарын ұлғайту мүмкіндігі туралы ақпарат;

- тұрғын үй иелерінің тұрғын үйді реновациялау бойынша ұсынылатын іс-шараларға қатынасын көрсететін жылжымайтын мүлік иелерінің кемінде 2/3 жалпы жиналышының хаттамасы.

Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелері, орталық органдардың аумақтық бөлімшелері және "Азаматтарға арналған үкімет" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - КЕАҚ) 10 жұмыс күні ішінде бағдарлама әкімшісінің немесе уәкілетті ұйымының сұрау салуы негізінде қажетті ақпаратты, оның ішінде:

- көп пәтерлі тұрғын үйдің (үйдің (пәтерлердің) және жер участекінің жалпы алаңы, тұрғындардың саны, ауыртпалықтардың (қамауға алудың) болуы (болмауы) техникалық сипаттамалары туралы (аумақтық әділет органдары және КЕАҚ);

- жаңа тұрғын үйді абаттандыру үшін қажетті іргелес жер участеклері бар жер кадастрынан үзінді көшірмесін беруге міндетті, бірақ онымен шектелмейді.

23. Қажетті ақпаратты алғаннан кейін Бағдарлама әкімшісі уәкілетті ұйыммен бірлесіп реновациялауға жататын әрбір тұрғын үйге ақпараттық құжат дайындаиды.

24. Бағдарлама әкімшісі қалыптастырылған құжаттаманы ашық қолжетімділікте Ақтау қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

25. Уәкілетті ұйым қажетті ақпаратты алғаннан кейін және тиісті участекке "Реновациялау объектісі" мәртебесін бергеннен кейін ғимараттардың/құрылыштардың сенімділігі мен тұрақтылығына техникалық тексеру, сондай-ақ кеңістіктік ұйымдастыру, аймақтарға бөлу, қабаттылық пен тығыздық, функционалдық толтыру және көлік шешімдері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында, жер участекін жобалау алдындағы тексеру жүргізіледі, олар кейіннен мұдделі инвесторлар мен құрылыш салушыларға техникалық тапсырма ретінде ұсынылады (жобалауға арналған тапсырмалар).

26. Участкені жобалау алдындағы зерттеу және ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру ҚР ҚЕ 1.02-105-2014 "Құрылышқа арналған инженерлік ізденістер", ҚР ҚЕ 1.04-101-2012 "Ғимараттар мен құрылыштардың техникалық жай-күйін тексеру және бағалау" құрылыш ережелерінде, "2015 жылғы 19 қарашадағы № 702 Ғимараттар мен құрылыштардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыру қағидалары" көзделген тәртіппен жүргізіледі және оны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін арнайы мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

27. Техникалық тапсырма (жобалауға арналған тапсырма) әлеуетті инвесторларды тарту үшін уәкілетті ұйымның ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады. Интернет-ресурста орналастырылған ақпарат бұқаралық ақпарат қуралдарында және басқа да қолжетімді ақпарат қуралдарында қайталануы мүмкін.

28. Мұдделі болған жағдайда әлеуettі инвестор конкурсқа қатысуға уәкілетті үйымға өтінім жібереді.

29. Әлеуettі инвесторларды іріктеу конкурстық негізде (ашық конкурс, оңайлатылған тәртіппен ішкі нормативтік құжат негізіндегі конкурс) және тікелей келіссөздер негізінде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер үшін үміткерлерді іріктеу үшін негіздеме "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес регламенттеледі.

ЖАО бекіткен ішкі нормативтік құжатта белгіленген әлеуettі инвесторларды (құрылыш жүргізушілерді) іріктеу критерийлері:

- конкурсқа қатысуға өтінім беру кезінде алдыңғы 3 жыл ішінде салынған тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердің жалпы ауданы;
- қаржылық тұрақтылық көрсеткіші;
- талап етілетін қызмет тұрлерін жүзеге асыруға ауыртпалықтардың болмауы;
- жоспарланған құрылыш көлеміне байланысты қажетті жұмыс күші мен мамандандырылған техниканың болуы.

Конкурсқа қатысу үшін қойылатын талаптар, оның ішінде ғимараттардың экологиялық тиімділігін бағалау сертификатымен расталатын "жасыл" құрылыш стандарттарының талаптарына сәйкестігін уәкілетті үйым белгілейді және конкурс жарияланғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын уәкілетті үйымның, әкімшінің немесе қала әкімдігінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады.

30. Конкурс жеңімпазымен немесе инвестормен (тікелей келіссөздер негізінде) ынтымақтастық (жобаны бірлесіп іске асыру туралы шарт) туралы меморандум (келісім) жасалады (бұдан әрі – келісім).

31. Інтымақтастық туралы меморандум (келісім) жасалғаннан кейін әлеуettі инвестор уәкілетті үйиммен және әкімшімен бірлесіп реновациялау аумағын салудың ұсынылып отырған жоспарымен танысу үшін қоғамдық талқылаулар үйимдастырады.

32. Қоғамдық талқылаулар өткізілгеннен кейін, әкімші және уәкілетті үйым ескі тұрғын үйдің әрбір меншік иесімен шарт жасасуға дайындау үшін деректерді нақтылау және ұсыну жөніндегі жұмысты үйимдастырады.

33. Жасалған келісім негізінде Бағдарлама әкімшісі инвестормен бірлесіп тұрғын және тұрғын емес үй-жайдың әрбір меншік иесімен үшжақты келісімдер жасасады, онда Ақтау қаласы әкімдігінің және инвестордың құрылыш кезінде уақытша тұрғын үй беру жөніндегі міндеттемелері мен кепілдіктері бекітіледі.

34. Келісім жаңартуға қажетті барлық іс-шараларды қамтитын егжей-тегжейлі іс-қимыл жоспарын қамтуы керек.

35. Келісім келесі міндетті қадамдарды ескереді:

Уәкілетті үйым:

1) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін қажетті бастапқы деректерді ұсынады;

2) инвестордың жолданымы бойынша Келісімде көзделген егжей-тегжейлі іс-қимыл жоспарына сәйкес кезең-кезеңімен Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48-бабының 1-тармағы шенберінде жобаны іске асыру үшін жер участеклерін қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) береді;

3) инвестормен уағдаластық бойынша, жеке тұрғын үй қоры болған жағдайда, өтелу және қайтарылу шартымен, Бағдарламаның екінші бағыты шенберінде жаңа тұрғын үй құрылышы аяқталғанға дейінгі уақытқа бұзылатын үйлердің тұрғындарының уақытша тұруы үшін тұрғын үй береді;

4) құзыреті шенберінде Бағдарламаны іске асыру үшін жан-жақты жәрдем көрсету жөніндегі міндеттемелерді орындаиды.

Инвестор:

1) тұрғын үйлерді, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салу және жаңарту участекін абаттандыру, сондай-ақ апарттық немесе тозығы жеткен үйлерден тұрғындарды уақытша тұрғын үйге көшіру, одан әрі салынып жатқан үйлерге көшіру жөніндегі жұмыстарды үйимдастыру және жүргізу кестесін ұсынады;

2) инвестиациялық келісім жасалғаннан кейін уәкілетті үйыммен бірлесіп апарттық немесе ескірген үйлерде тұратын жылжымайтын мұлік меншік иелерін хабардар етуді және жиналыстарды, оларды көшіруді және қоныстандыру мерзімдерін келісуді жүргізеді;

3) тұрғындарды қоныстандыруды, оның ішінде тұрғын үйді өтеуін төлеп алу (сатып алу), құрылыш уақытында өз қаражаты есебінен уақытша тұрғын үй беруді немесе уәкілетті үйым ұсынған қоныс аудару қорын немесе қолданыстағы заңнама шенберінде басқа да жолдарды пайдалануды жүзеге асырады;

4) жөндеу жобасында айқындалған тозығы жеткен үйлерді бұзуды жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін тұрғын үйлердің, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің құрылышын және іргелес аумақтарды абаттандыруды және оларды реновациялау жобасы мен келісімге сәйкес тапсыруды қамтамасыз етеді;

6) инвестор меншік иесі болып табылатын тұрғын үй құрылышы кезеңіне берілетін тұрғын үй бойынша айырбас шартын жасасуды қоса алғанда, тараптардың әрқайсысынан меншік құқығына ұсынылған құжаттар негізінде әрбір тұрғын үй иесімен нотариалды куәландырылған айырбас шартына қол қоюды жүргізеді;

7) тұрғын үй-жайларды ауыстыруды жүзеге асырады. Бұл ретте тұрғын үй-жайлардың меншік иелеріне ауданы бойынша бірдей, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес жаңа пәтерлер берілетін болады;

8) бұзылған үйлердің тұрғындарын жаңа үйлерге орналастыруды үйимдастырады.

Бағдарламада айқындалған тозығы жеткен (апарттық) тұрғын үйдің меншік иелері:

1) жылжымайтын мұлікке құқық белгілейтін құжаттарды ұсынады;

2) коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша қарыздың жоқтығы туралы анықтамалар ұсынады;

3) құрылыш кезеңінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеуді қоспағанда, ұсынылатын тұрғын үйге өтеусіз көшіріледі. Қоныс аудару қоры болмаған жағдайда, ескі (апаттық) тұрғын үйдің меншік иелеріне тұрғын үй құрылышы аяқталғанға дейін ауданы бойынша баламалы уақытша тұрғын үйді жалға алғаны үшін ай сайынғы ақшалай өтемақы төленеді. Ай сайынғы өтемақы мөлшері бағдарламаны жүзеге асыру сәтіндегі орташа нарықтық көрсеткіштермен айқындалады.

36. "Ақтау қалалық сәулет және қала құрылыш бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Ақтау қаласының бас жоспары және қала құрылышы регламенттері нормаларының талаптарына сәйкес магистральдық инженерлік коммуникацияларды дамытуды көздейді.

Жеткізуши және алаңғашлік инженерлік желілер тұжырымдаманың 6 және 7-тармақтары шенберінде іске асырылады.

37. "Ақтау қаласының жер қатынастары бөлімі" ММ тұлғасындағы уәкілетті ұйым жобаланатын тұрғын үйді салу және абаттандыру үшін қажетті уәкілетті ұйымды не инвесторға жер участкерін алып қою және беру жөнінде барлық қажетті іс-шараларды қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның барлық жауапты құрылымдық бөлімшелері тұрғын үйді реновациялау жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде барлық рұқсат беру құжаттары бойынша басым тәртіппен жәрдемдесу жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды.

38. Тұрғын үй қорын реновациялау жөніндегі жобаларды іске асыру шенберінде қала құрылышы талаптарына және Ақтау қаласының Бас жоспарына сәйкес коммерциялық үй-жайлары мен паркингтері бар шағын габаритті тұрғын үй және I-IV жайлыштық класының тұрғын үй салу көзделуі мүмкін.

## **6. Реновациялауға жататын обьектілерде меншік иелеріне тұрғын емес және/немесе коммерциялық аландарды, тұрғын үйлерді өтеу тәртібі мен шарттары**

39. Тұрғын үй-жайлардың (үйлердің) меншік иелеріне бекітілген жобаға сәйкес ауданы бойынша бірдей, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес жаңа пәтерлер беріледі. Пәтерлер бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген жұмыс тұрлерін қамтитын әрлеу түрінде беріледі. Меншік иесінің одан әрі тұру үшін пәтерді өз бетінше сатуы мақсатында, құрылыш салушымен келісім бойынша, Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген жұмыс тұрлерін қамтитын жақсартылған (тазарту алдындағы) әрлеуде пәтер беруді көздеуге болады.

40. Баламалы үй-жайдың орнына Бағдарламаға енгізілген көп пәтерлі үйдегі үй-жайдың меншік иесі инвестордың келісімі бойынша ақшалай немесе заттай түрде

баламалы өтем алуға құқылы. Бұл ретте баламалы өтем мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

41. Тозығы жеткен немесе апatty көп пәтерлі үйлердің тұрғындарына тұrғын үй жағдайларын нарықтық құны бойынша (жаңа тұrғын үй-жайларда сату кезінде) бұрын оларға тиесілі тозығы жеткен тұrғын үй-жайларға қарағанда көбірек бөлмелер сатып алу үшін қосымша ақы төлеп жақсартуға жол беріледі.

42. Реновациялау бағдарламасына енгізілген тұrғын үйлердегі тұrғын емес және/немесе коммерциялық үй-жайлардың меншік иелеріне оның құны өтеледі немесе салынып жатқан обьектілердегі ауданы мен мақсаты бойынша баламалы үй-жайлар беріледі. Откізу сәтінде нарықтық құны бойынша қосымша ақы үшін тұrғын емес және /немесе коммерциялық үй-жайларды ұлғайтуға жол беріледі.

Тұrғын емес үй-жайдың меншік иесі салынып жатқан обьектілерде ауданы бойынша бірдей тұrғын емес үй-жайларды беру жолымен қамтамасыз етілген өтемақыға келіскең жағдайда, шарттар сақталуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрылыш нормалары мен ережелеріне сәйкестігі;

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес жақсартылған (тазарту алдындағы) әрлеуде үй-жайлар беру;

- азаматтардың аз қамтылған топтары үшін көп пәтерлі үйлерде жағдай жасау.

43. Апattyк немесе ескірген тұrғын үйлерді бұзы алаңында жаңа көп пәтерлі үйлер салуға арналған аумақ Бас жоспарға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына, қала құрылышын жобалау нормативтеріне және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасында айқындалған өзге де талаптарға сәйкес коммуналдық, көліктік, әлеуметтік инфрақұрылым обьектілерімен қамтамасыз етіледі.

44. Реновациялау бағдарламасын іске асыру кезінде азаматтардың жайлары өмір суру ортасын құру, оның ішінде аумақты абаттандыруға, көше-жол желісін, тұрақ кеңістігін, қасбеттік аймақ жанындағы тротуарларды қалыптастыруға, аула және орамішлік көгалданырылған аумақтарды ұйымдастыруға, аумақтарды жарықтандыруды ұйымдастыруға қосымша талаптар белгілеу жолымен қамтамасыз етілуге тиіс (Тұжырымдаманың 5.2-тармағының 2-тармақшасы шенберінде инвестор немесе инвестор әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырады).

## 7. Қажетті ресурстар

45. Тұrғын үй қорын реновациялау жобаларын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін: жеке инвестицияларды, оның ішінде МЖӘ тетіктері арқылы тарту, қаржы институттарының

қарыздары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражатын, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар есебінен тарту, жобаны іске асыру барысында тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түскен кірістер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК